

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2022 жылғы 16 маусымдағы № 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 маусымда № 28490 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы өтінімді қабылдау расталғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шотын САЖ-да қалыптастырады.

Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілген қаулысы негізінде ағымдағы қаржы жылы қосымша бюджет қаражаты бөлінген және (немесе) қаражат субсидиялау бағыттарының арасында қайта бөлінген кезде өтінімдердің келіп түскен күніне және уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты болмаған жағдайда, резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі қаржы жылында жүзеге асырылады.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

Р. Курманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2022 жылғы 16 маусымдағы
№ 197 бұйрығына
1-қосымша

Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығының өнімділігін
және өнім сапасын арттыруды
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Субсидиялау бағыттары мен нормативтерінің тізбесі

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы			

1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу :		
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	10 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	100 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу:	Сатып алынған бас	150 000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:	Сатып алынған бас	
4.1	Отандық		150 000
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000
4.3	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		300 000
5.	Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу		150 000
6.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	200
	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын		

7.	ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату	Өндірілген сиыр етінің килограммы	175
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу		
1.1	Бір жынысты	Сатып алынған доза	10 000
1.2	Қос жынысты		5 000
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:		
2.1	отандық	Сатып алынған бас	200 000
2.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000
2.3	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		400 000
3.	Сүт өндіру құнын арзандату		
3.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	45
3.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық		30
3.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		20
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		20
4.	Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000
5.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік		5 000

	орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	
Етті құс шаруашылығы			
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	600
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату		
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	80
2.2	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		70
2.3	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		60
2.4	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс		50
3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату		
4.	Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату		40
Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	60
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)	Өткізілген дана	3
Қой шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	4 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	15 000
2.1	Импортталған асыл тұқымды аналық қойларды сатып алу		30 000
2.2	Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу		150 000

3.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	10 000
4.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату	Өткізілген бас	3 000
5.	Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000
6.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ұрықтандырылған бас/шағылыстыру маусымы	1 500
Жылқы шаруашылығы			
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
Түйе шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
Шошқа шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	Сатып алынған бас	140 000
2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	40 000
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:			
1.	Маралдардың (бұғылардың) аналық		10 000

	бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Бас/шағылыстыру маусымы	
2.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы/маусым	5 000
3.	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	Бас	
4.	Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу	Сатып алынған бас	40 000
5.	Бие сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату	Килограм	60
6.	Түйе сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату	Килограм	55

Ескертпе:

Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативтерге сәйкес субсидияланады, ал бекітілген нормативтен сатып алу құнының жартысы асып кеткен жағдайда, субсидиялау сатып алу құнының 50% - ына тең мөлшерде жүзеге асырылады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қошқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.

Уәкілетті орган САЖ жұмысының алгоритмін әзірлейді және оны САЖ және САТЖАҚ-да орналастырады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2022 жылғы 16 маусымдағы
№ 197 бұйрығына
2-қосымша

Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығының өнімділігін
және өнім сапасын арттыруды
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттар

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттар	С А Ж - да субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:	Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да барлық мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі	САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	
		1. Өсімді молайтуда асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай талаптарға сәйкес пайдалану: 1) жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа;		

1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	<p>2) шағылыстыру маусымын қатарынан екі реттен артық пайдаланбау;</p> <p>3) жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айдан кем болмауы;</p> <p>4) бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған.</p> <p>2. Төлдің тууы 65%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-да тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 ай бұрын САТЖАҚ-да алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда).</p> <p>Шаруашылықтың есепке алу нөмірі – бар болса.</p> <p>3. Ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі.</p>	САТЖАҚ-мен	ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
-----	--------------------------------------	--	------------	--

			интеграцияланған өзара іс-қимыл	
1.2	Ірі кара малдың асыл тұқымды аналық басы	<p>1) аналық баста тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;</p> <p>2) өсімді молайтуда бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай шарттарға сәйкес пайдалану:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жиырма бес аналық басқа кемінде бір тұқымдық бұқа, ағымдағы жылғы 1 маусымға жасы 12 айдан кем емес немесе аналық басты асыл тұқымды тұқымдық бұқаның ұрығымен қолдан ұрықтандыру; <p>3) төлдің тууы 75%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-да тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 айдан аз уақыт ішінде САТЖАҚ-да мал басын алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда);</p> <p>4) ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі кара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі;</p>	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл;	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20

		5) мал басында сәйкестендірудің электрондық тәсілдерінің болуы (2022 жылғы 1 қаңтардан бастап).	желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
		<p>1) өтінімді берген сәтте пайдаланылатын тұқымдық бұқаның САТЖАҚ-да және АЖБ-да тіркелуінің болуы және деректерінің сәйкестігі;</p> <p>2) етті мал шаруашылығындағы операторда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға үміткер тауар өндіруші инфрақұрылымының сәйкестігіне арнайы комиссияның оң қорытындысы бар бордакылау алаңының есептік</p>	ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20

2.

Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу

нөмірінің және сертификатының болуы;

3) етті мал шаруашылығындағы оператордың шаруашылықпен/ ауыл шаруашылығы кооперативімен жасалған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды жалдау шартының (бордақылау алаңы қуатының 30%-нан аспайтындай есеппен асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды тарату) немесе осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған қоғамдық табынға асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану жөніндегі елді мекен тұрғындары-мал иелерінің жиыны хаттамасының болуы;

4) асыл тұқымды бұқаларды жалға беру және асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай нормативтерге сәйкес пайдалану: жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа есебінен (асыл тұқымдық мәртебесі жоқ аналық бас есепке алынады);

желтоқсанға (қоса алғанда) дейін

САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл

		ағымдағы жылдың 1 маусымына жасы 12 айдан кем болмауы; қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау.		
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі; 2) тауар өндірушіде (етті мал шаруашылығындағы операторларды қоспағанда) өзінің аналық басының болуы; 3) мал басында тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы; 4) сатып алынған мал басының жасы сатып алу сәтінде (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте): қашарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда); кұнажындар - 13 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда); бұқашықтар - 26 айға дейін (қоса алғанда); 5) өсімді молайту мақсатында сатып		
4.	Ірі кара малдың асыл тұқымды			

	аналық басын сатып алу	<p>алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл;</p> <p>б) сатып алынған асыл тұқымды бұқаларды тауарлық немесе асыл тұқымды табынға пайдалануға қою (тауарлық табында пайдалану кезінде асыл тұқымды мәртебесі жоқ аналық бас ескеріледі; асыл тұқымды табында пайдалану кезінде асыл тұқымды аналық бас ескеріледі).</p>	САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
5.	Тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу	<p>1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;</p> <p>2) экспорттық сертификаттың немесе асыл тұқымды бұқа карточкасының және асыл тұқымды сиыр/кашар карточкасының немесе асыл тұқымды куәліктің болуы;</p> <p>3) сатушыдан (экспорттаушыдан) карантинге қойылған кездегі сатып алынған аналық мал басының жасы 6 айдан 27 айға дейін қоса алғанда аспайды;</p>		

		<p>4) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл;</p> <p>5) тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата ұсынған бонитер берген бағалау ведомосі бар қорытындының болуы.</p>		
6.	<p>Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал соятын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату</p>	<p>1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың тіркелуінің болуы және мәліметтердің сәйкестігі;</p> <p>2) бордақылау алаңына өткізілген немесе орны ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының тірідей салмағы 200-ден 300 килограмға дейін, ет өңдеуші кәсіпорынға – 400-ден 450 килограмға дейін;</p> <p>3) ірі қара малдың еркек дарақтарының жасы 7-ден 18 айға дейін (қоса алғанда) ;</p> <p>4) бордақылау алаңдарына немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға а р н а й ы комиссияның оң қорытындысының болуы;</p>	<p>САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл</p>	<p>ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген немесе орны ауыстырылғаннан</p>

		5) өткізілетін немесе орны ауыстырылатын бұқашықтар аналарына бекітіліп, асыл тұқымды аталықтан немесе асыл тұқымды аналықтан туылуы тиіс.		бастап алты айдың ішінде беріледі)
7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындау құнын арзандату Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындау құнын арзандату 1) жобалық қуаты тәулігіне кемінде 1500 бас болатын ірі қара малды соятын және етін сүйектен ажырататын өз жабдығының болуы ; 2) сойылған ірі қара малдың қалдықтарын кәдеге жарататын өз жүйесінің болуы; 3) халықаралық сапа стандартына (халықаралық аудитпен, тиісті сертификатпен расталған) сәйкес болуы.	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнім үшін төлем алынған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу	1) аналық мал басында тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;		
1.1	Бір жынысты	2) тұқымдық бұқалар ұрығының асыл тұқымдық құндылығы индекстерінің: асыл тұқымдық		

1.2	Қос жынысты	<p>сапаларының кешенді индексі, бағалаудың сенімділігі, сүт сауымы, тоңмай, өнімді тіршілік ету кезеңі, төлдеу жеңілдігі, ұрықтылығы, соматикалық жасушалардың құрамы болуы;</p> <p>3) сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығына Республикалық палата берген электронды асыл тұқымды куәліктің болуы;</p> <p>4) қажеттілік нормасы (бір басқа екі доза есебінен);</p> <p>5) мал басында сәйкестендірудің электрондық тәсілдерінің болуы (2022 жылғы 1 қаңтардан бастап);</p> <p>6) төлдің тууы 75%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-да тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 айдан аз уақыт ішінде САТЖАҚ-да мал басын алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда).</p>	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
		<p>1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;</p> <p>2) аналық мал басында тиісті тұқым жөніндегі</p>		

2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу	<p>республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;</p> <p>3) сатып алынған мал басының жасы сатып алу сәтінде (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте):</p> <p>қашарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда);</p> <p>құнажындар - 13 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда);</p> <p>4) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл.</p>	САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:	өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-да және АЖБ-да тіркелген болуы және деректердің сәйкестігі (ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоспағанда).		
		1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық		

3.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	<p>бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеудің болуы (аккредиттелген зертханаларда);</p> <p>2) азықты жыл сайынғы зоотехникалық талдау;</p> <p>3) пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен, сиырларды байламай ұстауға арналған қора-жайы , автоматтандырылған сауу қондырғысы бар, сауу залы (карусель, шырша, параллель, тандем, роботталған машина), азықтық цехтары, ветеринариялық пункты бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.</p>		
		<p>1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеудің болуы (аккредиттелген зертханаларда);</p> <p>2) азықты жыл сайынғы зоотехникалық талдау;</p>	САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген

3.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	3) пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен, тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, автоматтандырылған немесе машинамен саууға арналған жабдығы, азықтық цехтары, ветеринариялық пункті бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	интеграцияланған өзара іс-қимыл	өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
3.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеудің (аккредиттелген зертханаларда) болуы; 2) тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, машина саууға арналған жабдығы, сиырларды күтіп-бағуға арналған қора-жай; тасымалды сауу қондырғысын қоса алғанда, машинамен сауу; ветеринариялық препараттарды сақтау орны, малға арналған бекіткіші бар тауарлық сүт		

		фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.		
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі	1) жеке сүт қабылдау пунктiнiң болуы немесе сүт өңдеу зауытынан 100 километрге (қоса алғанда) дейiнгi қашықтық болғанда меншiктi/жалға алынған сүт тасығыштың болуы; 2) дайындалған сүттi сүт өңдеушi кәсiпорынға өткiзу.		
4.	Ірі кара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	1) эмбрионның асыл тұқымды құндылық индекстерiнiң: асыл тұқымдық сапасының кешендi индексі, бағалаудың сенiмдiлiгi, сүт сауымы, тоңмай, өнiмдi тiршiлiк ету кезеңi, төлдеу жеңiлдiгi, ұрықтылығы, соматикалық жасушалардың құрамы; 2) эмбрионға асыл тұқымды куәлiктiң (сертификаттың) болуы.	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара iс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейiн
	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл	1) субсидия алуға арналған өтiнiмде көрсетiлген аналық мал басының САТЖАҚ-да және АЖБ-да тiркелген болуы және деректердiң сәйкестiгi; 2) шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерiнде iрi кара малдың аналық басын сүттi және сүттi-еттi		

5.	шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаның ұрығымен қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша шарттың болуы; 3) осы өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын ұрықтандыру және зерттеп-қарау туралы актінің болуы; 4) асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың таңбаланған ұрығына Республикалық палата берген асыл тұқымдық куәліктің болуы.	САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
Етті құс шаруашылығы				
1.	Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	1) өтінімді берген сәтте асыл тұқымды тәуліктік балапанның САТЖАҚ-да тіркелген болуы; 2) Республикалық палата берген асыл тұқымды мәртебенің болуы.	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату	1) жылына 500 тонна құс етінің нақты өндірісі (қызметін 12 айдан аз уақыт жүзеге асыратын тауар өндірушілер үшін өндірістің нақты көлемі қызмет кезеңіне айларға бөлінген және 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің		

3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату	<p>нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып анықталады);</p> <p>2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдық бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдық, азықтандырудың, с у м е н жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, құс сою желісі (сою цехы)) құс фабрикасына берілген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы;</p> <p>3) санамаланған сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы.</p>	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
4.	Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату	<p>1) жылына 20 тонна құс етінің нақты өндірісі (қызметін 12 айдан аз уақыт жүзеге асыратын тауар өндірушілер үшін өндірістің нақты көлемі қызмет кезеңіне айларға бөлінген және 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып анықталады);</p> <p>2) құстарды күтіп-бағуға арналған қора-жайы , союға арналған жабдығы бар құс фабрикасына берілген арнайы</p>	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап

		<p>комиссияның он қорытындысының болуы;</p> <p>3) санамаланған сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы.</p>		алты айдың ішінде беріледі)
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	<p>Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу</p>	<p>Импорт кезінде: финалдық нысандағы тәуліктік балапанға асыл тұқымды куәліктің (сертификаттың) және/немесе финалдық нысандағы тәуліктік балапан алынған ата-енелеріне асыл тұқымдық куәліктің (сертификаттың) және Республикалық палатада тіркелген болуы;</p> <p>Елдің ішінде сатып алғанда: өтінім берген сәтте финалдық нысандағы тәуліктік балапанның ата-енелерінің Республикалық палатада тіркелген болуы.</p>	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
		<p>1) тағамдық жұмыртқаның нақты өндірісі жылына 5 миллион данадан бастап (қызметін 12 айдан аз уақыт жүзеге асырып келе жатқан тауар өндірушілер үшін қызмет кезеңі айларға бөлініп, 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген</p>		

